

**«Бухгалтерлік есеп негіздері» пәні бойынша Педагогтердің білімін бағалауға арналған
тест спецификациясы**

- 1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында педагогтердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмаларын әзірлеу үшін құрастырылған.
- 2. Міндеті:** Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Мазмұны:** 04110100- Есеп және аудит мамандығы, 3W04110101-Бухгалтер-кассир, 4S04110102-Бухгалтер, 4S04110103-Мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджері біліктілігіне арналған «Бухгалтерлік есеп негіздері» пәні бойынша педагогтарды аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Қаржылық есеп, оның мәні және маңызы	01	Қаржылық есеп, оның мәні және маңызы
02	Қаржылық есептің пәні мен әдісі	02	Қаржылық есептің пәні мен әдісі
03	Бухгалтерлік баланс және есеп беру	03	Бухгалтерлік баланс және есеп беру
		04	Бухгалтерлік баланстың құрылымы мен мазмұны.
		05	Есеп беру нысандары мен түрлері.
04	Қаржылық есеп шоттары және екі жақты жазу	06	Қаржылық шоттардың құрылуы мен мазмұны
		07	Айналым тізімдемелері
05	Қаржылық есеп шоттарының жіктелуі және жоспары.	08	Бағалау.Калькуляция
			Шаруашылық процестер - ұйым қызметінің негізі.
		09	Шоттардың жіктелуі
06	Құжаттандыру және түгендеу	10	Бухгалтерлік құжаттар, олардың қаржылық есептегі рөлі мен мағынасы.
			Түгендеу, оның мағынасы.
07	Қаржылық есептің есеп тіркегіштері және нысандары	11	Есеп тіркегіштерінің мәні және маңызы.
08	Қазақстан Республикасында қаржылық есептің ұйымдастырылуы	12	Қаржылық есептің ұйымдардағы ұйымдастырылуы.
Мәтін мәндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық мәліметтер, сурет және т.б.).			

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Қаржылық есеп, оның мәні және маңызы. Мәтінді сұрақтар
 Қаржылық есептің пәні мен әдісі. Мәтінді сұрақтар

Бухгалтерлік баланс және есеп беру. Мәтінді сұрақтар

Қаржылық есеп шоттары және екі жақты жазу. Мәтінді сұрақтар

Қаржылық есеп шоттарының жіктелуі және жоспары. Мәтінді сұрақтар

Құжаттандыру және түгендеу. Мәтінді сұрақтар

Қаржылық есептің есеп тіркегіштері және нысандары Мәтінді сұрақтар

Қазақстан Республикасында қаржылық есептің ұйымдастырылуы. Мәтінді сұрақтар

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:

Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1 -1,5 минутты құрайды.

8. Бағалау:

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептеледі.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

9.Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Заңы, 2007 жыл 28 ақпан № 234, Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы, өзгертулер мен толықтырулармен 19.06.2024ж

2. Н.К. Қабылова., Ш.А. Доспалинова., Е.Н. Оразалинов. Бухгалтерлік есеп негіздері. Астана, 2012 ж.

3. Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспары. Алматы, 2019ж